

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Қаратай Тұрысов атындағы геология, мұнай және тау-кен ісі институты

Мұнай және газ геологиясы кафедрасы

Даулбаев Аманғали Мұқанұлы

Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы Ақтоғай елді – мекенін шаруашылық
ауыз сумен қамтамасыз ету үшін жерасты суларын барлау жобасы

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5B060700 – Геология және пайдалы қазбалар кенорындарын іздеу

Алматы 2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Қаратай Тұрысов атындағы геология, мұнай және тау-кен ісі институты

Мұнай және газ геологиясы кафедрасы

Подписано цифровой
подписью: Енсепаев Т.А.
Дата: 2020.05.25 21:59:49 +06'00'

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ
Мұнай және газ геологиясы
кафедрасының меңгерушісі
PhD доктор, ассоц.профес.
_____ Енсепаев Т.А.
“ _____ ” _____ 2020 ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: “ Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы Ақтоғай елді – мекенін шаруашылық ауыз сумен қамтамасыз ету үшін жерасты суларын барлау жобасы”

Мамандығы 5В060700 – Геология және пайдалы қазбалар кенорындарын іздеу

Орындаған

Дауылбаев А.М.

Алматы 2020

Ғылыми жетекші
PhD докторы, лектор
_____ Көлдеева Э.М.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Қаратай Тұрысов атындағы геология және мұнай - газ ісі институты

Мұнай және газ геологиясы кафедрасы

5B060700 – Геология және пайдалы қазбалар кенорындарын іздеу

БЕКІТЕМІН

Подписано цифровой
подписью: Енсеппбаев Т.А.
Дата: 2020.05.25 21:59:49 +06'00'

Мұнай және газ геологиясы
Кафедрасының меңгерушісі
PhD доктор, ассоц.профессор
_____ Енсеппбаев Т. А.
“ _____ ” _____ 2020ж.

**Дипломдық жобаны орындауға
ТАПСЫРМА**

Даулбаев Аманғали Мұқанұлы

Білім алушы: Дауылбаев Аманғали Мұқанұлы

Тақырыбы: Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы Ақтоғай елді – мекенін шаруашылық ауыз сумен қамтамасыз ету үшін жерасты суларын барлау жобасы

Университет Ректорының 2020 жылғы «27 қаңтар» № 762- б бұйрығымен бекітілген.

Аяқталған жұмыстың тапсыру мерзімі «15» мамыр 2020ж.

Дипломдық жұмыстың бастапқы берілістері: Фондылық мәліметтерден жиналған, дипломға дейінгі өндірістік практикадан жиналған материалдар Аягөз қаласындағы «Теміржолсу-Аякөз» ЖШС-нен алынды.

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі:

- а) Жалпы бөлім
- б) Техникалық бөлім
- в) Экономикалық бөлім

Сызба материалдар тізімі:

1. Ауданның шолу картасы;
2. 1: 100000 масштабындағы ауданның гидрогеологиялық картасы және оның қимасы;

3. 1: 100000 масштабтағы аймақтың гидрогеологиялық картасы және оның қимасы;

4. Бұрғылаудың геологиялық - техникалық құжаттамасы;

Ұсынылатын негізгі әдебиет





1 Биндеман Н.Н., Язвин Л.С. Оценка эксплуатационных запасов подземных вод. М.: Недра, 1970.

2 Справочник. Мелиорация и водное хозяйство. –М.Агпроиздат, 1990. - 415с.


Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастыралатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Жалпы бөлім	12.03.20ж. – 26.03.20ж.	
Техникалық бөлім	27.03.20ж. – 12.04.20ж.	
Экономикалық бөлім	24.04.20 ж. – 04.05.20ж.	

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушыларының аяқталған жобаға қойған
қолтаңбалары


Бөлімдер атауы	Кеңесшілер	Қол қойылған күні	Қолы
Жалпы бөлім	Э.М.Көлдеева PhD докторы, лектор		
Техникалық бөлім	Э.М.Көлдеева PhD докторы, лектор		
Экономика бөлімі	Э.М.Көлдеева PhD докторы, лектор		
Норма бақылау	Ж.С.Құдайберді жаратылыстану ғылымдарының магистрі, тьютор		

Ғылыми жетекші



Э.М.Көлдеева

Тапсырманы орындауға алған білім алушы
Күні



А.М.Даулбаев

« ____ » _____ 2020

АНДАТПА

Дипломдық жоба Ақтоғай жерасты суы кенорнының геологиялық құрылымы мен гидрогеологиялық жағдайлары, жерасты суларының пайдаланылатын қорлары, жерасты суларының химиялық құрамы мен сапасының сипаттамасы, кенорнының пайдаланудың қазіргі және ұсынылатын сұлбасы, жерасты сулары мен қоршаған ортаны қорғау шаралары туралы мәліметтерді қамтиды.

АННОТАЦИЯ

В дипломном проекте приведены сведения о геологическом строении и гидрогеологических условиях Актотайского месторождения подземных вод, эксплуатационные запасы подземных вод, характеристика химического состава и качества подземных вод, существующая и рекомендуемая схема эксплуатации месторождения, мероприятия по охране подземных вод и окружающей среды.

THE SUMMARY

Data on a geological structure and hydro-geological conditions of the Aktogaysky field of underground waters are given in the degree project, operational stocks of underground waters, the characteristic of a chemical composition and quality of the underground waters, the existing and recommended scheme of operation of a field, action for protection of underground waters and environment.

КІРІСПЕ

«Теміржолсу-Аягөз» ЖШС-і ірі Ақтоғай теміржол бекеті орналасқан темір жол учаскесін пайдаланады. Бекет территориясында 6 ұңғымадан тұратын шаруашылық-ауыз сумен қамтамасыз ететін су тартқысын салу қарастырылып отыр.

Қазіргі уақытта Ақтоғай теміржол бекетінің шаруашылық-ауыз су мұқтаждықтарын қамтамасыз ету үшін нөмір3 ұңғыманың сирек қосылуымен, нөмір6 ұңғыманың жер асты сулары пайдаланылады. Нөмір 1,2,4,5 ұңғымалар – резервтік болып табылады.

Аталған ұңғымалар 1958 жылы бұрғыланған және Жүзағаш жерасты суы кен орнынан 4,5–5 км қашықтықта орналасқан. Осы кен орнындағы жерасты суларының 70 мың м³/тәу. қоры 1989 жылдың ГКЗ-мен бекітілген. нөмір 1–6 ұңғымалар телімдерінде жер асты суы қорларын бағалау және барлау жүргізілмеген және пайдаланылатын қорлар бекітілмеген. Жобаланып отырған жұмыстың мақсаты – осы телімдегі жерасты суының қорын барлап Ақтоғай бекетінің шаруашылық-ауыз су мұқтаждығы үшін пайдалану.

Ақтоғай бекетінің шаруашылық-ауыз су мұқтаждығы 500 м³/тәулікті құрайды және бұл мұқтаждық қазіргі уақытта бір ғана ұңғымамен қамтамасыз етіледі.

«Теміржолсу-Аягөз» ЖШС-не орта-үстіңгі төрттік аллювиалды-пролювиалды су тасушы қабаттың жер асты суларының пайдаланатын қорларын барлау және бағалау жұмыстарын жүргізу үшін берілген техникалық құжаттар барлау жұмыстарын жүргізуге негіз болды.

Су тартқының жұмыс режимі үздіксіз, есептік өнімділігі – 500 м³/тәу, пайдалану мерзімі – 10000тәу (27 жыл)

Жерасты суларының сапасы МЕСТ 7482 «Ауыз су» және СанПИН 03.02.2002-04 ҚР талаптарына сәйкес болуы керек.

Шаруашылық-ауыз сумен қамтамасыз етуге арналған жерасты суларының пайдаланылатын қорларын барлау және бағалау «КазГИДЭЖ» ғылыми-өндірістік жобалау ЖШС-і мен «Теміржолсу-Аягөз» ЖШС-нің келісімшарты бойынша орындалған. Дипломдық жобаға осы «Теміржолсу-Аягөз» ЖШС-нде 2018ж. жазында және 2019ж. қаңтар–ақпан айларында өткен өндірістік және диплом алды практикалары кезінде жинаған материалдар негіз болды.

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	
1	Жобалау ауданының табиғи-климаттық сипаттамасы	8
1.1	Ауданның физикалық-географиялық және экономикалық сипаттамалары	8
1.2	Климаты	8
1.3	Гидрографиясы	8
1.4	Ауданның гидрогеологиялық жағдайы	9
1.5	Ауданның гидрогеологиялық зерттелуі	11
1.6	Жерасты суларының қалыптасуы	12
2	Техникалық бөлім	13
2.1	Жобаланатын сутартқы телімінің геологиялық құрылымы және гидрогеологиялық жағдайы	13
2.2	Сумен жабдықтау жүйесінің қазіргі жағдайы және сипаттамасы	13
	2.2.1 Сутартқының жалпы сипаттамасы.	13
	2.2.2 Жерасты суларының сапасын сипаттау	14
2.3	Есептік гидрогеологиялық параметрлерді анықтау және жерасты сулары қорларын есептеу үшін басқа мәліметтерді негіздеу	14
2.4	Жерасты суларының пайдаланылатын қорларын есептеу	15
2.5	Жерасты сулары пайдаланылатын қорының қамтамасыздық деңгейін бағалау	16
	2.5.1 Табиғи қорларды бағалау	17
	2.5.2 Табиғи ресурстарды бағалау	17
2.6	Сутартқы санитарлық қорғау белдемінің есебі	18
2.7	Ұңғымаларды бұрғылаудың геологиялық – техникалық жағдайлары және бұрғылау тәсілдерін анықтау	20
2.8	Сүзгілерді таңдау және олардың диаметрі мен ұзындығын есептеу	21
2.9	Су көтергіш сораптарды жобалау	22
2.10	Ұңғыманы бұрғылаудың технологиясы мен техникасы	24
2.11	Жұмыс бөлмесін жарықтандыру есебі	28
3	Экономикалық бөлім	30
3.1	Жобаланған жұмыстардың экономикалық сипаттары	
	Қорытынды	31
	Пайданылған әдебиеттер тізімі	33
	А қосымша	34
	Б қосымша	35
	В қосымша	36

1 Жобалау ауданының табиғи-климаттық сипаттамасы

1.1 Ауданның физикалық-географиялық және экономикалық сипаттамалары

Географиялық жағынан жұмыс ауданы Ақтоғай ойпатында, халықаралық жолақтың L-44 – VIII парағының шегінде орналасқан және әкімшілік жағынан ШҚО Аякөз ауданының құрамына кіреді (А қосымшасында көрсетілген 1-сурет). Ірі елді мекендер қатарына Ақтоғай теміржол бекеті, Ақтоғай тау-кен байыту комбинаты поселкесі, Жүзағаш айрығы және бұрынғы «Овцевод» кеңшарының қонысы жатады.

Жол жүйесі нашар дамыған. Басты магистраль – зерттеу ауданын оңт.-батыстан солт.-шығысқа қарай басып өтетін ҚР Алматы-Новосибирск теміржолы болып табылады. Негізгі магистральдан ҚХР мемлекеттік шекарасы – Ақтоғай (Достық бекеті) және Ақтоғай–Саяқ теміржол тармақтары өтеді. Жұмыс ауданынан ары Ақтоғай бекетіне қарай Алматы–Омск автомобиль жолы өтеді. Көптеген ауыл аралық қара жолдар бар, күз-көктем уақыттарында бұл жолдар бойынша қозғалу қиындықтар туғызады.

1.2 Климаты

Сипатталынып отырған территория суық қысты және ыстық жазды шұғыл континенталды белдемде орналасқан. Ауданды сипаттау үшін Ақтоғай және Аякөз қаласы метеобекеттерінің бақылау мәліметтері пайдаланылды.

Климаттың негізгі белгілеріне шұғыл континенталдылық, құрғақшылық және ішкі жылдық ауа-райы жағдайының тұрақсыздығы жатады.

Қар және шаңды дауыл, топырақ эрозиясы мен қар жамылғысының территория бойынша әрқелкі таралуын тудыратын қатты желдер аз емес.

Жылдық жауын-шашынның көпжылдық суммасы жазық жерлерде 193 мм (Ақтоғай бекеті), аласа таулы жерлерде 254 мм-ге дейін (Аякөз қ.) өзгереді.

1.3 Гидрографиясы

Ауданның гидрографиялық жүйесі Аякөз және Бақанас өзендерімен сипатталынады.

Аудандағы ірі өзен аңғарларына Аякөз, Бақанас, Таңсық өзендері жатады.

Ұсақ шоқыдан шығар жерде өзен ағысын өзгертіп, бірнеше тармаққа бөлінеді. Олар жаз уақытында жартылай немесе толығымен құрғап кететін ескі арна мен қара суларға айналады. Өзен деңгейінің көтерілуі жыл мезгіліне байланысты наурыз-сәуірде басталып, маусымға дейін созылады. Жауын-шашын мөлшері 29-159 тәулік аралығында ауытқып отырады, ал орташа мөлшері 110 тәулік. Жайылма ені көктемгі су тасқыны кезінде 10 км-ге жетеді.

Бұған сонымен қатар терассаларға жерді лиманды суландыру үшін салынатын уақытша тоғандар да септігін тигізеді. Деңгейдің ең көп тәуліктік көтерілуі 36 см-ді құрайды. Деңгейдің абсолютті максимумы 590-см-ді, минимумы-35 см-ді құрайды және ол су тартылу кезеңіне сәйкес келеді. Аягөз өзеніндегі су деңгейінің жылдық ауытқу амплитудасы шамамен 5 м. Аягөз өзенінің түрлі қамтамасыздықтағы орташа жылдық деңгейі Аягөз гидропостының мәліметтері бойынша 1.1 кестеде көрсетілген.

1.1 Кесте – Аягөз өзенінің гидропосты

Қамтамасыздық,	1	3	5	10	25	50	70	75	90	95	97	99
Су деңгейі, см	215	202	196	186	172	156	145	142	131	123	119	112

Жылдық ағын әркелкілігімен сипатталады. Оның ең көп мөлшері сәуір – мамыр айларына, ал ең аз мөлшері немесе мүлдем болмауы қыркүйек – мамыр айларына келеді. (1.2 кесте)

1.2 Кесте – Аягөз өзенінің айлық ағынының пайыздық мөлшерде жылдық ағынға бөлінуі

Пост	Айлық ағынның жылдыққа % қатынасы											
	I	II	III	IV	V	VI	VII	VIII	IX	X	XI	XII
	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
Аягөз	0,5	0,4	5,5	55,8	22,1	9,0	3,0	2,0	1,1	1,3	1,5	0,9
Каратас	0,1	0,2	0,5	33,4	37,9	19,7	5,6	0,7	0,4	0,8	0,6	0,1

Ағынның абсолютті максимумы сәуір айына келіп, ағын мөлшерінің орташа көпжылдық мәні 12,4-8,84 м³/с дейін өзгереді.

Судың минерализациялануы көлдің батыс бөлігінде 1,2–ден 3 дейін өзгереді. Химиялық құрамы бойынша гидрокарбонатты –сульфатты, магнийлі-натрийлі. Көлдің шығыс бөлігінде судың минерализациясы 2,8-ден 5,1 г/дм³-ге дейін ауытқиды. Химиялық құрамы бойынша су негізінен сульфатты-натрийлі.

Балхашта мұздың қатуы батыс бөлігінде қарашаның екінші бөлігінде, және шығыс бөлігінде қаңтар айында басталады. Сәуірде батыс бөлігі және 8-10 тәуліктен кейін шығыс бөлігі мұздан арылады.

1.4 Ауданның гидрогеологиялық жағдайы

Орталық Қазақстан гидрогеологиялық қатпарлы облысына кіретін ауданның гидрогеологиялық жағдайы геологиялық, құрылымдық, тектоникалық құрылымымен, геоморфологиялық ерекшеліктерімен, су тұтқыш тау жыныстардың литологиялық құрамымен және климаттық жағдайларымен анықталады.

Аудан түрлі сүзілуші қасиеттерге ие жыныстар жинағынан құралған.

Төрттік шөгінділер көбінесе құм-қиыршық тас пен кейде өзеннің жер беті ағынның сүзілуі, сонымен қатар атмосфералық жауын-шашынның жиналуы есебінен қалыптасатын жерасты суларының жиналуына коллектор болатын қиыршықтас-малтатас шөгінділерімен көрсетілген.

Төрттік шөгінділердің қуаты бірінші метрден ұсақ шоқының өсу шектерінде 80м-ге дейін және Ақтоғай ойпатының оңтүстік бөлігіне қарай артады.

Құмды массивтің даму ауданында борпылдақ құмды және сазды шөгінділердің қабатталуы байқалады. Олардың арасында жеке құмдық және қиыршықтас қатпарлары кездеседі. Көлдік құрылымдардың астам бөлігі жіңішке-ұсақ дәнді құм және саздақтан тұрады.

Стратиграфо-генетикалық тиістілігіне қарай ауданда келесі сулы горизонттар, белдемдер және су өткізбейтін жыныстар бар (41):

- Сулы горизонттар және белдемдер:
- Қазіргі сулы аллювиалды горизонт (а Q iv) ;
- Сулы жоғарғы төрттік көлдік горизонт (I Q III);
- Сулы орта-жоғарғы төрттік аллювиалды-пролювиалды горизонт (ар Q

II-III);

- Төменгі перм жынысы жарықшақтығының сулы белдемі (P1);
- Тас-көмір жыныстары жарықшақтығының сулы белдемі (C);
- Үстіңгі тас-көмір интрузиясы жарықшақтығының сулы белдемі (г C3);

Суөткізгіш, бірақ сусыз горизонттар:

- Суөткізгіш, бірақ сусыз үстіңгі төрттік эолдық шөгінділер (VQIII);
- Су өткізбейтін плиоцендік горизонт (N₂);

Барлық көрсетілген бөлімшелер гидрогеологиялық картада және гидрогеологиялық қималарда көрсетілген. Оларға түсіндірме шартты белгілерде көрсетілген (қ. сызба және презентациялық материалдар).

Төменде гидрогеологиялық бөлімшелерге қысқаша сипаттама берілген.

Қазіргі аллювиалды сулы горизонт (аQ_{iv})

Сулы қазіргі аллювиалды горизонт зерттеу ауданында Аякөз және Бақанас өзені аңғарларында дамыған.

Қазіргі аллювиалды шөгінділер осы өзендердің аласа және биік жайылмасын түзеді. Аякөз өзені аңғарының телімінде, келтірілген карта шегінде горизонт ұңғымамен сыналмаған, оның сипаттамасы көршілес төмен жатқан аңғардың телімі бойынша келтірілген. Сутұтқыш жыныстарға құм-қиыршықтасты шөгінділер, қиыршықтасты және құмды саздақтар жатады. Горизонның жалпы қалыңдығы 3-6 м аспайды. Грунттық сулары 2,6-4,0 м тереңдікте жатыр. Су пункттерінің дебиті 0,6-1,09 дм³/с дейін өзгереді (сәйкесінше 2,0-0,17 төмендеулерде). Бұлақтардың дебиті 150 дм³-қа жетеді (нөмір 1- бұлақ).

Жерасты сулары 0,5-1,0 дм³/с минерализациямен көбінесе ішуге жарамды, яғни ауыз сулары және әлсіз минерализацияланған, олардың минерализациясы 1,2-1,4 дм³/с аспайды. Олар жергілікті халықтың ауыз су

және ауылшаруашылықтық мұқтаждықтарына пайдаланылады. Химиялық құрамы бойыншы грунт сулары көбінесе гидрокарбонатты-хлоридті натрийлі, сульфатты-гидрокарбонатты натрийлі-кальцийлі және аралас құрамды сулар.

Бұл сулы горизонттың қоректенуі беттік сулардың сүзілуі есебінен, сонымен қатар биік террасалардың аллювиалдық шөгінділерінің грунттық суларының дренаждалуы есебінен болады.

Сулы жоғарғы төрттік көлдік горизонт (I_QIII)

Сулы горизонт аса кең таралмаған және жұмыс ауданының оңтүстік бөлігінен өтеді. Жыныстардың литологиялық құрамы алуан түрлі және жіңішке-ұсақ түйіршікті қиыршықтастың қабатшаларымен, саздақтың және саздың линзаларымен келтірілген. Грунттық сулар 1,9-2,6 м жату тереңдігімен біртекті сулы горизонтты құрайды. Ұңғымалардың дебиті 0,08-4,6 дм³/с аралығында өзгереді (сәйкесінше 2,30-2,95 м төмендеулерде). Көлдік шөгінділердің даму шектерінде ауыз су (0,7 г/дм³), сонымен қатар аз минералданған (5,3 г/дм³) жерасты сулары кездеседі. Химиялық құрамы бойынша аралас сулар сульфатты-хлоридті, хлориді-сульфатты сулардан көбірек.

Грунт суларының қалыптасуы көбінесе атмосфералық жауын-шашынның жерге сіңуі және жерасты суларының басқа сулы горизонттан ағып келуі әсерінен болады.

Көлдік горизонттың жерасты сулары булану және өсімдіктермен булану жолымен Балхаш көліне ағып кетеді.

Су өткізбейтін плиоцендік горизонт (N₂)

Үстіңгі неогендік су өткізбейтін әр түсті гипстелген саздар жұмыс ауданында топырақ бетіне шықпайды. Олар Ақтоғай ойпатының эрозиондық-тектоникасын атқарады және төрттік борпылдақ сынықты шөгінділер қабатымен жабылған. Плиоцендік сазды горизонт төрттік сулы горизонттарды және палеозой жыныстары жарықшақтығының сулы белдемін бөлуші су өткізбейтін болып келеді.

Плиоцендік саздардың ашылған қалыңдығы 113,0 м құрайды.

1.5 Ауданның гидрогеологиялық зерттелуі

1970-71 жж. Б.К. Олонцевпен L-44-IX бетінде 1 : 200000 масштабты гидрогеологиялық түсірім жасалынды.

Жүргізілген гидрогеологиялық түсірім нәтижелері бойынша 12 сулы горизонт анықталды. Сумен жабдықтауда өзен алаптарының грунттық суларын пайдалану зор нәтижелі деп танылды.

1964-65 жж. М.М. Маслаков және К.А. Болатбаевпен Аякөз жерасты сулары кен орны Аякөз қаласын сумен қамтамасыз ету үшін барланды.

1965-75 жж. Талдықорған және Семей Қазақ гидрогеологиялық басқару экспедицияларымен түрлі ауылшаруашылық объектілерін сумен қамтамасыз ететін су көздерін табу мақсатында барлау жұмыстары жүргізілді.

1975ж. Ақтоғай мыс-порфир кен орнында Оңт.Қазақстан аумақтық-геологиялық басқармасының ашылуына байланысты басшылық алдына болашақ Ақтоғай тау-кен байыту комбинатын техникалық және шаруашылық-ауыз сумен қамтамасыз ету үшін су көздерін іздеу талаптары қойылды.

1.6 Жерасты суларының қалыптасуы

Ауданның геолого-геоморфологиялық, ауа-райлық және гидрогеологиялық шарттарының талдауына сәйкес Ақтоғай ойпатының берілген телімінде келесідей физико-географиялық факторлардың биіктік зоналдылығына бейімделген және жер асты суларының түрлі беттік құрғатылуына сәйкес келетін гидродинамикалық аудандарын бөлуге болады:

- жер беті суларының жарықшақты жерасты суларының сыналануы (выклинивание) есебінен негізгі қоректену аймағы;
- жер беті суларын тасымалдау аймағы;
- грунт суларының беттік ағын және жарықшақты сулардың тармақтарының сүзілуі есебінен қоректену аймағы;
- беттік ағынның қарқынды жұтылу және грунт суларының қалыптасу аймағы.

Жер беті суларының жарықшақты жер асты суларын сыналау есебінен негізгі қоректену аймағын аудан сыртындағы Аякөз және Бақанас өзендері алаптарының биік кеңістіктері алып жатыр. Рельефтің кенеттен бөлшектенуі, полезой жыныстарының суланған жарықшақтығының қуатынан эрозиондық киігу тереңдігінің артуы (30-500м) жер асты суларының Шыңғыс және Тарбағатай тауларында бұлақ ретінде түсуіне септігін тигізеді. (жылына 220-500м атмосфералық жауын-шашын түседі). Беттік ағын модулі 1 км² –ден 8-1 м³/с құрайды.

Грунт суларының Аякөз өзені жайылмасы және жағалауына сіңуі есебінен қоректенуі 1,9 м³/с құрайды. Ондағы деңгейдің шөгу тереңдігі 3-4 м.

Осылайша, Ақтоғай ойпаты грунт суларының кіріс бөлігі 6,5 м³/с құрайды.

Осы көрсеткіштен жерасты ағынының (табиғи ресурстардың) мөлшері алынды, ол 2023 дм³/с құрайды, Ақтоғай ойпатының жерасты суларының болжанған қорлары – 7486 дм³/с.

2 Техникалық бөлім

2.1 Жобаланатын сутартқы телімінің геологиялық құрылымы және гидрогеологиялық жағдайы

Шаруашылық - ауыз сумен қамтамасыз ету есептік өнімділігі $500 \text{ м}^3/\text{тәу}$ құрайтын жергілікті автономдық су тартқысы арқылы жүзеге асырылады.

Сулы горизонттың суы мол, ұңғыма дебиттері $16,2 \text{ дм}^3/\text{с}$ -тан (4 ұңғ.) $21,0 \text{ дм}^3/\text{с}$ -қа (3 ұңғ.) дейін өзгереді.

Нөмір 6 ұңғымадан жеке сутарту нәтижесі бойынша суөткізу коэффициенті $1010 \text{ м}^2/\text{тәулік}$ ті құрады. $40,9 \text{ м}$ -ге тең горизонттың тиімді қалыңдығына байланысты сүзілу коэффициенті $24,7 \text{ м}/\text{тәу}$. тең. Көршілес телім бойынша (Жұзағаш кен орны) гидрогеологиялық параметрлер бірлескен сутартулар (34) нәтижесінде алынды. Сүзілу коэффициенттері 70-тен (1к. ұңғ.) $82,7 \text{ м}/\text{тәу}$. (ұңғ.3к) дейін өзгереді, орташа $74,6 \text{ м}/\text{тәулік}$ құрайды, суөткізу коэффициенті сәйкесінше 3718-ден $3226 \text{ м}^2/\text{тәулік}$ ке дейін. Деңгейөтімділік коэффициентінің мөлшері $1,55 \cdot 10^4$ және $1,75 \cdot 10^4 \text{ м}^2/\text{тәу}$. шектерінде ауытқиды, орташа $1,65 \cdot 10^4$ және $1,75 \cdot 10^4 \text{ м}^2/\text{тәу}$. құрайды. Су беру коэффициенті - 0,21.

Жерасты суларының минерализациясы $0,64-0,74 \text{ г}/\text{дм}^3$ құрайды, химиялық құрамы бойынша сулар гидрокарбонатты-сульфатты натрийлі, кейде сульфатты-хлоридті натрийлі. Микрокомпоненттердің құрамы МЕСТ 2874-82 нормалары және СанПин 3.02.002 -04 ҚР талаптарына сәйкес.

Жер асты суларының қалыптасу жағдайлары қысқаша 1.6 бөлімде қарастырылған.

2.2 Сумен жабдықтау жүйесінің қазіргі жағдайы және сипаттамасы

2.2.1 Сутартқының жалпы сипаттамасы

Қазірі уақытта сумен қамтамасыздандыру 6 ұңғыма негізіндегі – екі жұмыстық (нөмір 3,6) және төрт (нөмір 1,2,4,5) резервтік (яғни 1958 жылдан сулы орташа-жоғарғы төрттік аллювиалды-пролювиалды горизонттан су шығаратын) жалғыз су тартқымен іске асырылады. Қазіргі кезде нөмір 1, 6 ұңғымалар тұрақты түрде жұмыс істейді. Оларға кезекпен басқа ұңғымалар да қосылады. Сақтандыру жүргізу немесе қолданылмау жағдайына байланысты олар ажыратылынып тұрады, бұл жағдайда жер асты суларының деңгейі өздігінен қалпына келеді.

Сутартқының техникалық жағдайы.

Сутартқы ұңғымаларын техникалық тексеру нәтижесінде сутартқысында 6 ұңғыма –екі жұмыстық (нөмір 3,6) және төрт резервтік бар екендігі анықталды. Ұңғымалардың тереңдігі 24-тен 46 м-ге дейін. Ұңғыма үстіндегі арматура (ұңғыма аузы, ысырма, вентильдер, тарамданулар) жақсы техникалық

жағдайда. Ұңғымаларда ВТ-80-Х су шығынын өлшеуіштері орнатылған. Динамикалық деңгейді өлшеу құбыр арасындағы кеңістікте, яғни сүзілуші және су көтеруші бағаналар арасында жүргізіледі. Нөмір 1,2,3,4 және 6 ұңғымаларда ЭЦВ-8-25-100 маркалы сорғылар 15-20 м тереңдікте орнатылған. Нөмір 5 ұңғымада 25,0м тереңдікте ЭТН-12 сорғысы орнатылған, қазіргі уақытта сорғы жөнделмейтіндей жағдайда. Шегендеу бағанасы қалыпты жағдайда, сутартқыда қандай да бір жөнделу жұмыстары керек етілмейді.

Сутартқының пайдалану режимі.

Сутартқы 27 жыл (100000 тәулік) уақыт бойы үзіліссіз жұмыс істеуі керек. Қазіргі уақытта сутартқысы аз ғана су іріктеумен үзіліссіз жұмыс істеуде, ұңғымалардың қысқа уақытқа тоқтауы кезінде олардағы деңгей бірден қалпына келеді. Бұл горизонттағы судың молдығын көрсетеді.

2.2.2 Жерасты суларының сапасын сипаттау

Бағаланып отырған сулы горизонттың барлық жеріндегі жерасты сулары ішуге жарамды, яғни ауыз суы болып келеді, олардың химиялық құрамы гидрокарбонатты-сульфатты натрийлі және сульфатты-гидрокарбонатты кальцийлі натрийлі.

Б қосымшада 2.1 кестеде 2010 жылдың бірінші жартысына барланып отырған суқақпа (нөмір 1,3,4,6 ұңғ.) теліміндегі сулардың химиялық құрамы келтірілген. Кестеде көрініп тұрғандай судың химиялық құрамы гидрокарбонатты-сульфатты, кейде гидрокарбонатты-хлоридті натрийлі. Химиялық құрамы бойынша судың типі О.А.Алекин бойынша І-ші және ІІ-ші. Минерализациясы 0,64-0,74г/дм³ құрайды. Химиялық құрамның 30 жыл уақытындағы метаморфизациялануы аэрация белдемінде аз ғана қарқындылықпен жүретін булану концентрациясы процесі есебінен жүреді. Демек, уақыт өте келе құрамның климаттық және гидродинамикалық жағдайларда қарқынды өзгеруі және минерализациялануы болмайды.

2.3 Есептік гидрогеологиялық параметрлерді анықтау және жерасты сулары қорларын есептеу үшін басқа мәліметтерді негіздеу

Сулы орта-жоғарғы төрттік аллювиалды-пролювиалды горизонт Ақтоғай ойпатының сипатталынып өткен шектерінде арынсыз. Жұмыс телімінде ол ашылып, нөмір 1,2,3,4,5 және 6 ұңғымалармен сыналған.

Сынау нәтижелері Б қосымшада 2.2 кестеде келтірілген.

Горизонттың негізгі есептік параметрлері болып: тиімді және жалпы қалыңдық, сүзілу, суөткізгіштік және деңгейөтімділік коэффициенттері. Аталып кеткен параметрлер тәжірибелік - сүзілу жұмыстарының мәліметтері бойынша анықталды.

Тәжірибелік сутартудың мәліметтері Тейс теңдеуінің логарифмдік аппроксимациясына негізделген Хорнердің арынды суларға арналған тәуелділігі бойынша:

$$S \cdot \delta = \frac{lg}{T+t} \quad (1)$$

мұндағы, $\delta_y = km/\mu$ -деңгейөткізгіштік коэффициенті $\delta_y = km/\mu$ формуласымен есептелді;

k -сүзілу коэффициенті-м/тәу;

m - сулы горизонттың қалыңдығы-м;

μ -су қайтару коэффициенті.

$\delta_y = \frac{1010}{0.21} = 4,8 \cdot 10^3 \text{ м}^2/\text{тәу}$. Деңгей өтімділік мөлшері $4,8 \cdot 10^3 \text{ м}^2/\text{тәу}$ тең, осы көрсеткіш есепте қолданылды.

Су деңгейінің рұқсат етілген төмендеуінің мөлшері

Су деңгейінің рұқсат етілген төмендеуінің мөлшері сутартқысын пайдалану мерзімінің соңында арынсыз жағдайларда сулы горизонт қалыңдығының мөлшерінен (0,5) аспауы керек. Берілген жағдайдағы сулы горизонттың қалыңдығы 40,9 м тең болғандықтан рұқсат етілген төмендеу 20,4 м аспауы керек.

2.4 Жерасты суларының пайдаланылатын қорларын есептеу

Жерасты сулары қорларын гидродинамикалық есептеу әдісі сутартқы ұңғымаларындағы су деңгейінің төмендеуін анықтауға байланысты. Пайдалану мерзімінің соңына қарай ол сулы горизонт қалыңдығының жартысын алып, 20,4 м-ге тең болатын рұқсат етілген төмендеу мөлшерінен аспауы керек.

Сулы горизонттағы деңгейдің болжамдық төмендеуі мына формула бойынша анықталады:

$$S = S_0 + \sum_1^n S_{вл} \quad (2)$$

мұндағы, S_0 -пайдаланылатын ұңғымадағы су деңгейінің төмендеуі,м;

$S_{влi}$ -осы ұңғымадағы су деңгейінің n -ші әсер етуші сутартқы жұмысының әсерінен төмендеуі;

n -әсер етуші сутартқылардың саны.

Су деңгейінің төмендеуін анықтау үшін сутартқы ұңғымаларына S мәні қосылады, ξ -ішкі кедергі мәніне тәуелді.

Сутартқы ұңғымаларындағы шексіз қабат жағдайлары үшін Жұзағаш сутартқысының әсер етуін есепке алғандағы арынсыз жағдайларда су деңгейінің төмендеуі мына формуламен анықталады:

$$S_{ВВ} = H - \sqrt{H^2 - \frac{Q}{2\pi k} \ln \frac{2,25a}{r_0^2} t - \frac{Q}{\pi k} \cdot 0,5\xi - \frac{Q_{cy}}{2\pi k} \cdot \ln \frac{2,25a_{cy}t_{cy}}{r_{cy}^2}}, \quad (3)$$

мұндағы, Н-сулы горизонт қалыңдығы, 40,9 м;
 $Q_{\text{ұңғ}}$ -сутартқы ұңғымасының дебиті, 500 м³/тәу;
 r- ұңғыма радиусы, 0,08 м;
 $k_{\text{ұңғ}}$ -ұңғыма теліміндегі сүзілу коэффициенті, 24,7 м/тәу;
 $a_{\text{у}}$ - сутартқы ұңғымасындағы деңгейөтімділік коэффициенті;
 4,8x10³ м²/тәу;
 ξ -ұңғыманың ішкі сүзілу кедергісі коэффициенті, 2,04;
 Q -әсер етуші сутартқы өнімділігі;
 k -әсер етуші сутартқы теліміндегі сүзілу коэффициенті, 74,6 м/тәу;
 a -әсер етуші сутартқы теліміндегі деңгейөтімділік коэффициенті, 1,65·10⁴ м²/тәу.;
 r -әсер етуші сутартқыға дейінгі қашықтық, 6925 м.

Параметрлердің көрсетілген мәнін формулаға қойып, келесіні аламыз:

$$S_{\text{вл}} = 40,9 - \sqrt{40,9^2 - \frac{500}{2 \cdot 3,14 \cdot 24,7} \times \ln \frac{2,25 \cdot 4,8 \cdot 10^3 \cdot 10^4}{0,08^2} - \frac{500}{3,14 \cdot 24,7} \times} \\ \times \sqrt{0,5 \cdot 2,04 - \frac{70000}{2 \cdot 3,14 \cdot 74,6} \times \ln \frac{2,25 \cdot 1,65 \cdot 10^4 \cdot 10000}{6925^2}} = 5,15 \text{ м.}$$

Сонымен, нөмір 6 ұңғымадағы су деңгейінің суммалық төмендеуі барлық құраушыларды есепке алғанда: 5,15 м (20,4 м рұқсат етілген төмендеу кезінде) тең болады.

2.5 Жерасты сулары пайдаланылатын қорының қамтамасыздық деңгейін бағалау

Жоғарыда келтірілген есептерден сутартқыдағы болжамдық төмендеу пайдалану мерзімінің соңында 5,15 м құрайды, бұл 20,4 м тең рұқсат етілген төмендеу мәнінен аз.

Жерасты суларының пайдаланылатын қорлары нөмір 1-6 ұңғыма телімдерінде 500 м³/тәу бағаланады (10000 тәулік пайдалану мерзімі) және табиғи қорлар мен табиғи ресурстардың есебінен құралады. Барлау телімі шектерінде қамтамасыз етіледі.

Пайдаланылатын қорлардың қамтамасыздығы келесі формула бойынша анықталады:

$$Q = Q_e + \frac{V_e \cdot a}{T}, \quad (4)$$

мұндағы, Q – жерасты суларының пайдаланылатын қорлары, м³/тәу;

Q_e – жерасты суларының табиғи қорлары, м³, келесі формула бойынша анықталады:

$$V_e = \omega \cdot \mu = F \cdot H \cdot \mu, \quad (5)$$

мұндағы, T-сутартқыны пайдалану уақыты, T=27жыл немесе 10000 тәулік;
 α – жерасты суларын пайдалану коэффициенті, $\alpha = 0,5$.

2.5.1 Табиғи қорларды бағалау

Кен орындары жерасты суларының табиғи қорлары әйгілі Дюпюи формуласымен анықталады:

$$V = \mu F H, \quad (6)$$

мұндағы, μ - су беру коэффициенті, 0,21;

F - әсер ету радиусы шегіндегі барлау телімінің ауданы, м²;

H - сулы горизонт қалыңдығы, 40,9 м.

$$F = \pi r^2 = 3,14 \cdot 10392^2 = 3,39 \cdot 10^8. \quad (7)$$

Алынған мәндерді формулаға қойып, келесіні аламыз:

$$Q_e = 0,21 \cdot 3,39 \cdot 10^8 \cdot 24,7 = 2,05 \cdot 10^9$$

$\alpha = 0,5$ тең табиғи ресурстарды пайдалану коэффициентінде, t=27жыл уақыттағы табиғи қорлардың телімдегі мөлшері:

$$v_e = \frac{2,05 \cdot 10^9 \cdot 0,5}{10^4} = 1,025 \cdot 10^5 \text{ м}^3/\text{тәу} \text{ немесе } 1186,3 \text{ дм}^3/\text{с}.$$

2.5.2 Табиғи ресурстарды бағалау

Кен орны жерасты суларының табиғи ресурстарының мөлшері Дарси формуласымен есептеледі:

$$Q_e = F \cdot k \cdot J, \quad (8)$$

мұндағы, F-ағын қимасының ауданы, м.

Сутартқының әсер ету шегінде пайдаланудың соңғы мерзіміне есептелген:

$$F = 2R \cdot 40,9 = 850065,6 \text{ м}^2,$$

мұндағы, K-сулы горизонттың сүзілу коэффициенті, 24,7м/тәу;

J-жерасты сулары ағысының гидравликалық еңісі.

Есептеу параметрлері: сүзілу коэффициенті – 24,7м/тәу; жерасты сулары ағысының ені (сутартқының әсер ету радиусы шектерінде) - 10392м; сулы

горизонт қалыңдығы – 40,9м; гидроизогипс картасы бойынша анықталған грунт сулары ағысының еңісі –0,001-ге тең.

Берілген мәндерді жоғарыда келтірілген формулаға қойып, табиғи ресурстардың мөлшерін анықтаймыз Q_T :

$$Q_e = 850065,6 \cdot 24,7 \cdot 0,001 = 20996,6 \text{ м}^3/\text{тәу} \text{ немесе } 243,0 \text{ дм}^3/\text{с}.$$

Сонымен, жер асты суларының 500 дм³/с немесе 5,8 дм³/с мөлшердегі есептелген пайдаланылатын қоры табиғи қорлардың (1,065·10⁵м³/ тәу немесе 1186,3 дм³/с) және табиғи ресурстардың (20996,6м³/тәу немесе 243,0 дм³/с) есебінен толығымен қамтамасыз етілген.

2.6 Сутартқы санитарлық қорғау белдемінің есебі

СҚБ бірінші белдеуі-қатаң режимдегі белдеу. Ол сутартқы құрылғысының орналасу орнындағы жерасты суларының байқаусыз немесе қасақана ластану мүмкіндігін болдырмау мақсатында орналастырылады. Пайдаланылатын ұңғымалардың аэрация белдемінің қалыңдығы 1,5-4,0 м құм, құмдақ және саздақтардан құралған, сондықтан ҚНЖЕ 2.04.08-84 сәйкес СҚБ бірінші белдеуінің шекарасы әрбір сутартқы ұңғымаларының маңынан 50 м радиуста қабылданды.

Сутартқы 6 сутартқы ұңғымаларынан тұрады, 1ұңғыма (нөмір 6) ұдайы жұмыс істейді, ал қалғандары оқтын-оқтын қосылып тұрады. Сутартқыдағы суға мұқтаждық 500м³/тәу құрайды. СҚБ-ның 2-ші және 3-ші белдеуін есептеу үшін керекті есептік мәндер:

n-сутартқыдағы ұңғыма саны - 6; Q-ұңғыманың максималды өнімділігі - 500м³/тәу; m-жерасты суы қорларын есептеу ауданы бойынша алынған сулы горизонттың қалыңдығы - 40,9м; n-кеуектілік коэффициенті - 0,21; k-сүзілу коэффициенті - 24,7м/тәу; J-ағынның орташа еңісі - 0,001; T_x –сутартқының есептік пайдалану мерзімі -10000 тәулік.

СҚБ-ң 2-ші және 3-ші белдеулерінің есептері жұмыста келтірілген ұсыныстарға сәйкес орындалады.

Жерасты сулары табиғи ағысының бірлік шығынның (q) сандық мәндері және сутартқы ұңғымасынан жерасты сулары ағысынан төмен субөлуші нүктеге дейінгі қашықтық келесі формулалар бойынша анықталады:

$$q = k \cdot m \cdot j = 24,7 \cdot 40,9 \cdot 0,001 = 1,01 \text{ м}^2/\text{тәу}, \quad (9)$$

$$X = \frac{Q}{2\pi q} = \frac{500}{2 \cdot 3,14 \cdot 1,0} = 79,6 \text{ м}. \quad (10)$$

Содан кейін өлшемсіз параметр үшін T сандық мәндер анықталады :

$$T = \frac{q T_M}{m \cdot n_a \cdot X_R}. \quad (11)$$

- микробтық ластану үшін

$$T_2 = \frac{1,0 \cdot 200}{32,3 \cdot 0,21 \cdot 79,6} = 0,37. \quad (12)$$

- химиялық ластану үшін

$$T_3 = \frac{qT_x}{m \cdot n_n \cdot X_B} = \frac{1,0 \cdot 10000}{32,3 \cdot 0,21 \cdot 79,6} = 18,5. \quad (13)$$

СҚБ 2-ші белдеуінің мөлшері $T_2=0,375$ мәніне байланысты анықталады. R, r және d мәндері: $R = 1,12$, $r = 0,63$ $d = 0,83$.

Сонымен СҚБ 2-ші белдеуінің ұзындығы ағыспен жоғары қарай :

$$R = R \cdot X_B = 1,12 \cdot 79,6 = 89\text{м}. \quad (14)$$

Ағыспен төмен қарай :

$$r \cdot X_B = 0,63 \cdot 79,6 = 50\text{м}. \quad (15)$$

СҚБ 2-ші белдеуінің жалпы ұзындығы $89+50=139\text{м}$ құрайды. СҚБ-ның ені $2d = 2d \cdot X_B = 2 \cdot 0,83 \cdot 79,6 = 132\text{м}$ құрайды.

СҚБ 3-ші белдеуінің мөлшері $T = 18,5$ мәніне байланысты анықталады

R, r және d мәндері:

$R = 1,12$, $r = 0,63$, $d = 2,94$. Осы мәндерді есепке ала отырып СҚБ 3-ші белдеуінің ұзындығы ағыспен жоғары қарай: $R = R \cdot X = 21,62 \cdot 79,6 = 1721\text{м}$ құрайды, ағыспен төмен қарай: $X = X_d \cdot r = 1,0 \cdot 79,6 = 80\text{м}$. СҚБ 3-ші белдеуінің жалпы ұзындығы $L = 1721+80 = 1801\text{м}$. СҚБ ені $2d = 2d \cdot x = 2 \cdot 2,94 \cdot 79,6 = 478\text{ м}$ құрайды.

Шектеу белдемі ұңғыма центрінен ағыспен жоғары 1721м және ағыспен төмен 80м қашықтықта орналасқан, эллипс пішінді болып келеді. Шектік белдеудің ені- 478 м .

Белдеудің шектеріне сулы горизонттың қорғаушы қабатын бұзатын шұңқыр, ұңғыма, шурф, карьер, мұнай өнімдері қоймалары, мал жайылымы, жер жұмыстарының жүргізілуіне қарсы қондырғылар орналастырылады.

2.7 Ұңғымаларды бұрғылаудың геологиялық – техникалық жағдайлары және бұрғылау тәсілдерін анықтау

Ұңғымалардың қандай түрі болмаса да, олар түрлі геологиялық жағдайларда бұрғыланады. Сондықтан, жобада бұрғыланатын ұңғылардың конструкциясын, бұрғылау тәсілін, таужыныстарын талқандаушы аспаптарды, жуу құбырларын және бұрғылау технологиясының өлшемдерін дұрыс тандап алу үшін, геологиялық кимадағы таужыныстарының физика-механикалық қасиеттерін жете білу қажет.

Жобалаудың геологиялық-гидрогеологиялық жағдайын бағалау

Берілген тапсырмаға байланысты геологиялық баған тұрғызылып, өнімді су горизонттары көрсетіледі. Тау жыныстарының бұрғылау категориясы белгіленеді.

Су ұстағыш өнімді горизонттар мен ұңғымалардың маңызды гидрогеологиялық сипаттары анықталады.

Су деңгейінің жұмыстық төмендеуі, м:

$$S = \frac{36 \times Q}{K_{\phi} m}, \quad (16)$$

$$S = \frac{36 \times 33,84}{19,15 \times 16} = 3,98 \text{ м},$$

мұндағы, Q -жұмыстық өнім, м³/сағ;

K -сүзілу еселегіші, м/тәу, (жоба бойынша 19,15 м/тәу.);

m -сулы горизонттың қалыңдығы (жоба бойынша 16,0 м).

Меншікті өнімділік,

$$q = \frac{Q}{S}, \quad q = \frac{9,4}{3,98} = 2,36 \text{ м} \quad (17)$$

Динамикалық деңгей, м

$$h_0 = h_c + S, \quad (18)$$

$$h = 2,43 + 3,98 = 6,41.$$

Статистикалық арын, м

$$H_c = H - h, \quad H = 31 - 2,43 = 28,57 \text{ м},$$

мұндағы, H -сулы қабаттың үстіне дейінгі тереңдік.

Сулы қабаттың арындылығының көрсеткіші,

$$\mu = \frac{H_c}{h_0}, \quad \mu = \frac{28,57}{31,0} = 0,92 \text{ м} \quad (19)$$

$0 < \mu < 1$, демек су қабаты арынды болады.

2.8 Сүзгілерді таңдау және олардың диаметрі мен ұзындығын есептеу

